



АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ
БЛАГОДАР ОРТА МЕКТЕБІ

Коучинг



«Ұстаздық жолдың бастауы...»

Коуч: Ж.С.Базарбаева





**Ы.Алтынсарин сөзімен айтсақ,
«Мұғалім - мектептің жүрегі». Ал
мектептегі басты тұлға – мұғалім, әрбір
жас мұғалімнің жаңаша жұмыс істеп, үнемі
ізденісте болуы – бүгінгі күннің
талабы. Ендеше жаңа форматтағы
мұғалім – білімнің өзіндік құндылығын
түсінетін, жүрегі жаңалық деп соғып
тұратын, рефлексияға қабілетті, кәсіби
дағдылары дамыған педагогикалық дарын
иесі болуы тиіс.**



«Бір қадам алға» тренингі

- Өз жұмысын жақсы көретіндер;
- Қазіргі уақытта жаңа форматта жұмыс жасайтындар;
- 5 жылдан астам педагог болып жұмыс жасап келе жатқандар;
- бірінші жыл ұстаздық қызметтегілер;
- 10 жылдан астам педагог болып жұмыс жасап келе жатқандар;
- мамандығын ауыстырғысы келетіндер;
- Бала кезден мұғалім болуды армандағандар;
- Коучингке бірінші рет қатысып отырғандар;
- Өмір бойы бір мекемеде қызмет етіп келе жатқандар;



Топқа бөліну

I топ- «Ұшқын»

II топ- «Жалын»

III топ- «Сенім»





«Айналма бекет» әдісі

Ы.Алтынсарин «Әке мен бала» әңгімесінің блум таксономиясы бойынша сұрақтар мен тапсырмаларын анықтау.

1-айналма: 1. Білу
2. Түсіну

2-айналма: 3. Қолдану
4. Талдау

3-айналма: 5. Жинақтау.
6. Бағалау

Білімді игеруге бағытталған 6 қадам





Ойлау деңгейі	Сұрақтар үлгілері
Білу	Бұл әңгімеде кімдердің қарым қатынасы туралы айтылады?
Түсіну	Мәтін бойынша мазмұнын айтып бер.
Қолдану	Өміріңізде осындай оқиғаны кездестірдіңіз бе? Баяндап беріңіз.
Талдау	Балаға мінездеме бер.
Жинақтау	«Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың» мақалын өмірде қалай қолданасың?
Бағалау	Әке мен баланың іс- әрекетіне қандай баға бересің?

ТЕСТ – ДИАГНОСТИКА ҚҰРАЛЫ

Сіз қандай мұғалімсіз?

Жалпы диагностикалық, кәсіби лайықтылықты анықтау.

1. Мұғалімдік қызметке қалай келдіңіз?

- а) жүрек қалауымен**
- ә) кездейсоқ**
- б) лажым жоқтықтан**

2. Сіз үшін мұғалімнің жұмысы:

- а) керемет жұмыс**
- ә) күнкөріс үшін**
- б) бас қатыру**

3. Оқушылардың сіздің біліміңізге көзқарасы

- а) өте сауатты деп есептейді**
- ә) қанағаттанарлық**
- б) олардың көзқарасында жұмысым жоқ**



4. Оқушылар арасында жарыс болатын болса:

- а) міндетті түрде менен көмек сұрайды**
- ә) кейде**
- б) маңыма мүлде жоламайды**

5. Сіздің сабақ өту тәсіліңіз қандай?

- а) оқулықтан тыс қызықты материалды жиі пайдаланамын**
- ә) сирек қолданамын**
- б) оқулықпен шектелемін**

6. Сіздің қатеңізді озат оқушыңыз тапты:

- а) қатені мойындап, кешірім өтінемін**
- ә) үндемей құтыламын**
- б) өзімдікі дұрыс деп, жеңістік бермеймін**

7. Сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыруда

- а) оқушылар арасында жиі-жиі жарыстар ұйымдастырамын**
- ә) басшылар ескерткенде ғана**
- б) бас ауыртқым келмейді**

8. Оқушыға қол жұмсайсыз ба?

а) мүлде қол жұмсамаймын

ә) анда-санда

б) «Аюға намаз үйреткен – таяқ» деп есептеймін

9. Мұғалім болғаныңызға

а) ризасыз

ә) сізге бәрібір

б) өкінесіз

10. Ұжым арасында беделіңіз:

а) өте жоғары

ә) жақсы

б) орташа

**Әрбір «а» жауабына – 5 ұпай,
«ә» жауабына – 3 ұпай,
«б» жауабына – 1 ұпай есептеңіз.**



45-50 ұпай жинасаңыз:

Сіз шәкірт үшін биік тұлғасыз. Сіз бала тәрбиесіне жан-тәнімен берілген жансыз

30-21 ұпай жинасаңыз :

Сіз арбаны да сындырмайтын, өгізді де өлтірмейтін күйде жүрсіз. Сізге көп іздену керек.

15-11 ұпай жинасаңыз:

Сіз босқа уақыт өткізіп жүрсіз. Орныңызды бала жанын түсінетін шын мұғалімге босатқаныңыз жөн.

Үйретуге де, үйренуге де асық бол!

Бір ғұлама өзеннің қасында отырып күннің ыстығына шыдай алмай су ішкісі келген итті көреді. Бір қызығы: ит судың қасына келіп, су ішейін деп жатқанда, судан ішпей қашады.

Сұрақ: Ит неге судан қашты?

Осылай үш-төрт рет қайталанған соң, ғұлама, иттің судағы өзінің бейнесінен қорқып су ішпей қашатынын түсінеді. Ақырында, шөліне қарсы тұра алмай ит өзенге жүгіріп барып түседі де, судағы бейнесін көрмеген соң, шөлін қандырып су ішеді.

Осы орайда ғұлама ой түйеді.

Қандай?



"Иттің осындай әрекетінен түсінгенім - бір адамның армандары арман болып қалуының басты себебі - адам ішіндегі қорқыныштарынан.

Егер,ІШІМІЗДЕГІ ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢЕ БІЛСЕК, қалаған мақсатымызға жете аламыз".

Тағы ойланып,үйренген нәрсенің бұдан басқа екенін көреді.

ҮЙРЕНГЕНІ - ғұламаның да бір иттен үйренері бар екені.

Білгеніңізбен бөлісіңіз - басқа адамдардың үйренері бар шығар...

Үйретуге де үйренуге де асық болыңыз,өйткені әр адамның міндетті түрде бір білгені, айтар сөзі бар...

Рефлексия





Кездескенше

GIFZONA.COM